

«Бестөбе кентінің негізгі орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі

II- отырысының хаттамасы

Мерзімі: Желтоқсан

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі

Мектеп басшысы: С.С.Муканова

Әлеуметтік педагог: Д.М.Ахметова

БТЖО: Ж.М.Шәріп

Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.

2. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстарын жүргізу.


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп басшысы С.С.Муканова сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, Жақсы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін.

Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады. Бастауыш сынып атаналарымен келісе отырып, бастауыш сынып оқушыларына ата – аналар тарапынан жаңа жылдық сыйлықтар беруге шешім қабылданды.

Қаулы:

- Аз қамтамасыз етілген, оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиелейік.
- Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жұмыстарын жүргізу..

Жиналыстың төрағасы:



Т.Н. Малгаждарова

Жиналыстың хатшысы:



А.А. Алдан